

Сырым ауданы Алғабас ауылдық округі Сасықкөл ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Алғабас ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 25 маусымдағы № 2 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 26 маусымда № 5731 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Алғабас ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 17 ақпандағы № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Алғабас ауылдық округі әкімінің 17.02.2020 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына сәйкес, Сырым ауданының мемлекеттік бас ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2019 жылғы 2 мамырындағы № 01-19/346 ұсынысы негізінде Алғабас ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сырым ауданы Алғабас ауылдық округі Сасықкөл ауылы аумағында ірі қара малының арасында бруцеллез ауруы пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Алғабас ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Ж.Кумарғалиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.